Техническая спецификация
по приобретению предметов музейного значения

№	Наименование предмета	Размер	Кол-во	Описание предмета	Стоимость
1	Алмас Нургожаев «Аныракайская битва», 2023.	216х125 см	1	На первом плане изображены воины джунгары в своем воинском обмундирований на скакунах с флагами, луком и саблями в руках. На втором плане казахские воины на скакунах. Воины все в доспехе и шлеме. В руках копье, сабли, флаги. На заднем плане облака.	1 000 000 тг

Главный хранитель **Р. Турсумбекова**

Музейлік мәні бар заттарды сатып алу туралы
техникалық ерекшелік

№	Заттың атауы	Көлемі	Саны	Заттың сипаттамасы	Бағасы
1	Алмас Нұрғожаев «Аңырақай шайқасы», 2023. Кенеп, майлы бояу	216х125 см	1	Алдыңғы планда ат үстіндегі жоңғар әскері, қолдарында садақ, қылыш туларын ұстаған. Екінші планда үстеріне сауыт киген атты қазақ әскері. Қолдарында найза, қылыш, ту ұстаған. Артқы планда аспан бейнеленген.	1 000 000 тг

Бас қор сақтаушы **Р. Тұрсымбекова**

Негіздеме

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 32 бабының 12 тармағына сәйкес, көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер материалдық мәдени құндылықтар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 13 мамырдағы «Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыру және күтіп ұстау қағидаларын бекіту туралы» № 129 бұйрығының 2 тармағының 2.1 және 5.1 тармақшасына сәйкес, Қор сатып алу комиссиясының оң шешімінің негізінде ұсынылған мәдени құндылықтар - Нұрғожаев Алмастың «Аңырақай шайқасы» майлы бояудағы авторлық туындысы.

Жас суретші Алмас Нұрғожаевтың «Аңырақай шайқасы» авторлық туындысында қазақ қолының жоңғар басқыншылығына қарсы шапқыншылығы сипатталуда. Алдыңғы планда ат үстіндегі жоңғар әскері, қолдарындасадақ, қылыш туларын ұстаған. Екінші планда атты қазақ әскері. Қолдарында найза, қылыш, ту ұстаған.

Суретші Алмас Нұрғожаев 1988 жылы Алматы облысы, Райымбек ауданы, Кеген ауылында дүниеге келген. Бірнеше халықаралық және республикалық көрмелерге қатысып, өзінің туындыларын танытуда. 2020ж. «Күміс кілт» марапаттарының лауреаты (Солтүстік Кипр, Никосия), 2021ж. «Дебюттер достастығы» атты халықаралық сыйлығының лауреаты.

А.Нұрғожаевтың **«Аңырақай шайқасы»** (2023ж.) жұмысы бірегей авторлық туынды болып табылады. Ұсынылып отырған көпбейнелі композиция жоғары көркемдік деңгейде орындалып, тарихи және жанрлық өнерді көрсетіп тұрған жұмыс.

Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениеті, этнографиясы мен тарихына қатысты ұсынылып отырған музейлік мәні бар заттың тарихи, музейлік құндылығы жоғары.

Бас қор сақтаушы **Р.Тұрсымбекова**